# Орта мерзімді кезеңге (2011 - 2013 жылдарға) арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1506 Қаулысы

«Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 16-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған орта мерзімді кезеңге (2011 - 2013 жылдарға) арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1506 қаулысымен бекітілген

## Орта мерзімді кезеңге (2011 - 2013 жылдарға) арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесі

| Р/с | Атауы | Конкурсты ұйымдастырушы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. Жақсартылуы және пайдаланылуы концессия шарты негізінде жүзеге асырылатын қолда бар мемлекеттік меншік объектілері | | |
| 1. | «Алматы - Өскемен» автомобиль жолының «Алматы - Қапшағай» учаскесін салу (қайта жаңарту) және пайдалану | ККМ |
| 2. | «Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) - Қырғызстан Республикасының шекарасына кіреберістерімен Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы Шымкент - Тараз - Қорғас» автомобиль жолының «Алматы - Қорғас» учаскесін қайта жаңарту және пайдалану | ККМ |
| 3. | «Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы Алматы» автомобиль жолының «Астана - Қарағанды» учаскесін қайта жаңарту және пайдалану | ККМ |
| 4. | «Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы Алматы» автомобиль жолының «Астана - Қарағанды» 1096-1142 км учаскесін қайта жаңарту және пайдалану | ККМ |
| | «Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы Алматы» автомобиль жолының «Астана - | |

| | | |
|---|---|---|
| 5. | Қарағанды» 1038-1096 км учаскесін қайта жаңарту және пайдалану учаскесін қайта жаңарту» | ККМ |
| 6 | «Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы Алматы» автомобиль жолының «Астана - Қарағанды» 997-1038 км учаскесін қайта жаңарту және пайдалану | ККМ |
| 7 | «Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) - Шымкент - Тараз - Алматы - Қырғызстан Республикасының шекарасына кіреберістермен бірге Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы Қорғасқа» автомобиль жолының « Ташкент - Шымкент» 674-806 км учаскесін қайта жаңарту | ККМ |
| 8 | Зияткерлік-көліктік және төлем жүйесін енгізу (ЗКТЖ) және «Астана - Көкшетау қаласы арқылы Петропавл» автомобиль жолының «Астана - Щучье» учаскесін пайдалану | ККМ |
| 2. Салынуы және пайдаланылуы концессия шарттары негізінде жүзеге асырылатын объектілер | | |
| 9 | «Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы» (ҮАААЖ) автомобиль жолын салу және пайдалану | ККМ |
| 10 | Қарағанды қаласында бала бақшалар кешенін салу және пайдалану | Қарағанды облысының әкімдігі |
| 11 | Теміртау қаласында бала бақшалар кешенін салу және пайдалану | Қарағанды облысының әкімдігі |
| 12 | «Маңғыстау (Тамақ) станциясы» темір жол вокзалын салу | Маңғыстау облысының әкімдігі |

**Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:**

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК